

«СентрасИншуранс»СК» АҚ	К-01 Корпоративті басқару Кодексі	28.05.2015 ж.№1 Басылым	25-тен1-ші бет
		26.08.2010 ж. басылым орнына	



«СентрасИншуранс»СК» АҚ
Акционерлерінің Жалпы жиналысының
шешімімен бекітілді
2015 жылғы «28» мамырдағы №1 Хаттама

К-01
«СентрасИншуранс» Сақтандыру Компаниясы»
Акционерлік қоғамын корпоративті басқару
кодексі

«СентрасИншуранс»СК» АҚ	К-01 Корпоративті басқару Кодексі	28.05.2015 ж.№1 Басылым	25-тен2-ші бет
		26.08.2010 ж. басылым орнына	

Мазмұны

Тарау 1. Жалпы ережелер	3
Тарау 2. Корпоративті басқару принциптері	3
§ 1. Қоғам акционерлерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау принципі	4
§ 2. Директорлар кеңесі мен Басқарма Қоғамды тиімді басқаруы принципі	5
§ 3. Қоғамның қызметі туралы ақпаратты ашу тұнықтығы мен объективтігі принципі.....	6
§ 4. Заңдылық пен этика принциптері.....	7
§ 5. Тиімді дивиденді саясат принципі.....	7
§ 6. Тиімді кадр саясаты принципі.....	7
§ 7. Қоршаған ортаны қорғау принципі.....	8
§ 8. Корпоративті дауларды реттеу саясаты	8
Тарау 3. Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысы.....	8
§ 1. Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізуді ұйымдастыру	8
§ 2. Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу.....	10
Тарау 4. Қоғамның Директорлар кеңесі	11
§ 1. Директорлар кеңесінің қызметі	11
§ 2. Директорлар кеңесін жасақтау және оның уәкілеттер мерзімі	12
§ 3. Директорлар кеңесінің Төрағасы	13
§ 4. Директорлар кеңесінің қызметін ұйымдастыру.....	13
§ 5. Директорлар кеңесін шақыру және мәжілістері	14
§ 6. Директорлар кеңесі қызметінің нәтижелерін бағалау	15
Тарау 5. Қоғамның Басқармасы	15
§ 1. Қоғам Басқармасы жұмысының принциптері	15
§ 2. Қоғам Басқармасын жасақтау, шешім қабылдау тәртібі және Төрағасының құзыры	15
Тарау 6. Қоғамның лауазымды тұлғаларының қызметі мен жауапкершілігінің принциптері	16
§ 1. Қоғамның лауазымды тұлғалары қызметінің принципі.....	16
§ 2. Қоғамның лауазымды тұлғаларының жауапкершілігі	17
Тарау 7. Қоғамның корпоративті хатшысы.....	17
§ 1. Қоғамның корпоративті хатшысын лауазымға тағайындау және босату тәртібі.....	17
§ 2. Қоғамның корпоративті хатшысының қызметі.....	18
§ 3. Корпоративті хатшының Қоғамның құрылымдық бөлімшелерімен және лауазымды тұлғаларымен қарым-қатынасы бойынша уәкілеттері.....	19
§ 4. Корпоративті хатшының жауапкершілігі	19
Тарау 8. Қоғамның маңызды корпоративті оқиғалары	20
Тарау 9. Қоғамның ақпаратты жариялауы.....	20
§ 1. Ақпаратты жариялау тәртібі.....	20
§ 2. Қоғамның сақтандыру, коммерциялық және қызметтік құпиясын құрайтын ақпаратты қорғау	21
Тарау 10. Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылау	21
§ 1. Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметін бақылау жүйесі	21
§ 2. Ішкі аудит қызметі	22
§ 3. Сыртқы аудит	22
Тарау 11. Қоғамның дивиденді саясаты.....	22
§ 1. Дивиденді саясат	22
§ 2. Дивиденд төлеу тәртібі.....	23
Тарау 12. Қоғамның кадр саясаты	23
Тарау 13. Корпоративтік басқарудағы даулар.....	23
Тарау 14. Қоршаған ортаны қорғау	24
Тарау 15. Қорытынды ережелер	24

«СентрасИншуранс»СК» АҚ	К-01 Корпоративті басқару Кодексі	28.05.2015 ж.№1 Басылым	25-тен3-ші бет
		26.08.2010 ж. басылым орнына	

Тарау 1. Жалпы ережелер

1. «СентрасИншуранс» Сақтандыру Компаниясы» Акционерлік қоғамының осы Корпоративтік басқару кодексі (бұдан әрі - Кодекс) Қоғамды басқару барысында орын алатын қатынастарды, соның ішінде Қоғамның акционерлері мен органдары, Қоғамның органдары арасындағы, Қоғам мен мүдделі тұлғалар арасындағы қатынастарды реттейтін «СентрасИншуранс» Сақтандыру Компаниясы» Акционерлік қоғамын (бұдан әрі - Қоғам) корпоративті басқарудың ережелері мен ұсыныстарының жиынтығы болып табылады.

2. Корпоративті басқару стандарттарын қолданудың мақсаты барлық акционерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау болып табылады.

3. Қоғамның қызметі барысында Қоғамның ішіндегі қатынастардағы және нарықтың басқа қатысушыларымен қатынастардағы іскерлік этиканың жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін, Қоғам осы Кодексті ұстанады.

4. Кодекс Қазақстан Республикасының заңнамасына, корпоративті басқару принциптеріне сәйкес, сонымен қатар корпоративтік мінез-құлықтың үздік халықаралық тәжірибесін, этикалық нормаларды, дамудың ағымдағы деңгейінде Қоғам қызметінің тұтынулары мен ережелерін есепке алумен әзірленді.

5. Қоғам осы Кодексті еркін қабылдайды және, ағымдағы және әлеуетті инвесторлар үшін Қоғамның тартымдығын арттыру мақсатында, Кодекстің ережелерін ұстанады.

Тарау 2. Корпоративті басқару принциптері

6. Осы Кодекс келесіні есепке алумен корпоративті басқаруды ұйымдастыру принциптерін регламенттейді:

1) Қоғамның органдары мен құрылымдық бөлімшелері арасындағы міндеттерді нақты бөлу;

2) Акционерлер, Қоғамның органдары және лауазымды тұлғалары арасында, сонымен қатар Қоғамның үшінші тұлғалармен қатынастарында жоғары деңгейлі этиканы қамтамасыз ету мақсатында Кодексті міндетті түрде ұстану;

3) Директорлар кеңесінің мүшелері мен басқа басқарушы қызметкерлері Қоғамның қызметіне үнемі ішкі бақылау жасауына және тәуекелдерді басқаруына белсенді қатысу;

4) Директорлар кеңесі мен Қоғамның басқарушы қызметкерлері еркін шешім қабылдау;

5) шешім қабылдауға негіз болған құжаттарды қоса ұсынумен, Директорлар кеңесі мен Қоғамның басқарушы қызметкерлерінің шешімдерін міндетті түрде хаттамалау;

6) тұтастай Қоғамның мүдделері және өзара мүдделері арасында даулар туындауына тікелей немесе жанама әкелетін әрекеттерден ұстанатын, Қоғамның басқарушы қызметкерлерінің міндеттемелерін жазбаша рәсімдеу, сонымен қатар ондай даулар орын алған жағдайда –Қоғамның Директорлар кеңесін ол туралы уақтылы ескерту міндеттемесі;

7) басқарушы қызметкерлер уәкілетті органның талаптарына сай болуы;

8) басқарушы қызметкерлердің бақылау және басқару қызметтерінің сапасын үнемі жетілдіру;

9) кәсіби этиканың жалпыға ортақ нормалары.

7. Қоғамның корпоративті басқаруы адалдық, шындық, жауапкершілік, ашықтық, біліктілік пен кәсіптілік негіздерінде құрылады. Корпоративтік басқарудың тиімді құрылымы Қоғам қызметіне мүдделі барлық тұлғалардың құқықтары мен мүдделері құрметтелуін ұсынады және халықаралық нормалары мен стандарттарына, Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның қаржылық тұрақтылығы мен табыстылығына сәйкес сақтандыру қызметтерін атқаруға және олардың түрін кеңейтуді қоса, Қоғамның табысты қызметіне ықпал етеді.

8. Осы тарауда мазмұндалған корпоративті басқарудың принциптері Қоғамды басқару барысында туындайтын қатынастарда сенім құруға бағытталған, және Кодекстің алдағы тарауларында мазмұндалатын барлық ережелер мен ұсыныстардың негізі болып табылады.

9. Осы Кодекстің негіз қалаушы принциптері келесі:

1) Қоғам акционерлерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау принципі;

2) Директорлар кеңесі мен Басқарма Қоғамды тиімді басқаруы принципі;

«СентрасИншуранс»СК» АҚ	К-01 Корпоративті басқару Кодексі	28.05.2015 ж.№1 Басылым	25-тен4-ші бет
		26.08.2010 ж. басылым орнына	

- 3) Қоғамның қызметі туралы ақпаратты ашудың тұнықтығы мен объективтілігі;
- 4) заңдылық пен этика принципі;
- 5) тиімді дивидендті саясат принципі;
- 6) тиімді кадр саясаты принципі;
- 7) қоршаған ортаны қорғау принципі;
- 8) корпоративті дауларды реттеу саясаты.

10. Қоғамның корпоративті басқару құрылымы Қазақстан Республикасының заңнамасына сай болуы және Қоғамның түрлі органдары арасындағы міндеттерді нақты бөлуі шарт.

11. Қоғамның корпоративті басқару принциптерін ұстану Қоғам қызметіне объективті талдау жүргізуге ұтымды тәсіл табуға және аналитиктерден, қаржы кеңесшілерінен, рейтинг агенттіктерінен тиісті ұсыныстар алуына ықпал етуі тиіс.

§ 1. Қоғам акционерлерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау принципі

12. Қоғам акционерлердің келесі басты құқықтары жүзеге асуын қамтамасыз етеді:

- 1) заңнамамен және (немесе) Қоғамның Жарғысымен көзделген тәртіпте Қоғамды басқаруға қатысуға;
- 2) дивидендтер алуға;
- 3) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, соның ішінде Акционерлердің Жалпы жиналысымен немесе Қоғамның Жарғысымен бекітілген тәртіпте Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;
- 4) бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын Қоғамның тіркеушісінен немесе номиналды ұстаушысынан көшірмелер алуға;
- 5) Қоғамның акционерлерінің Жалпы жиналысына Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатураны ұсынуға;
- 6) Қоғамның органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібінде даулауға;
- 7) жеке өзі немесе басқа акционерлермен бірігіп Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан аса пайызын иеленген жағдайда, заңнамамен көзделген жағдайларда өз атынан Қоғамның лауазымды тұлғаларымен Қоғамға келтірілген шығынды өтеу туралы және Қоғамның лауазымды тұлғалары және/немесе олардың үлестес тұлғалары ірі мәмілелерді бекіту (бекітуге ұсыныс жасау) туралы шешім қабылдауы нәтижесінде алынған табысты (пайданы) Қоғамға қайтаруы туралы талабымен сот органдарына жүгінуге, егер олардың өздері мәміле бекітілуіне мүдделі болса;
- 8) Қоғамның қызметі туралы білу үшін жазбаша сұраулар жолдауға және сұраныс Қоғамға түскен күннен бастап отыз күнтізбелік күн аралығында негізді жауап алуға;
- 9) Қоғам таратылған жағдайда оның мүлкінің бөлігіне;
- 10) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген тәртіпте және жағдайларда Қоғамның акцияларын немесе акцияға конверсияланатын басқа бағалы қағаздарын сатып алуда үстемділікке ие болуға;

11) Акционерлердің Жалпы жиналысы Қоғамның акциялары санын өзгертуі немесе заңнамамен көзделген тәртіпте олардың түрін өзгертуі туралы шешім қабылдауына қатысуға.

13. Қоғам акционерлерді Қоғамды корпоративті басқарудағы басты шешімдерді қабылдауға тиімді қатысуын қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесінің мүшелерін сыйақылау саясаты туралы акционерлер өз пікірлерін білдіру мүмкіндігіне ие болуы шарт.

14. Қоғамның мүдделі тұлғалары, сонымен қатар қызметкерлері Директорлар кеңесіне Қоғамның лауазымды тұлғаларының заңсыз әрі тәртіпсіз әрекеттері жайлы еркін хабарлау құқығына ие болуы шарт, және олардың құқықтары шектелмеуі тиіс.

15. Қоғам өзінің акционерлерінің назарына Жарғымен көзделген тәртіпте Қоғамның қызметі жайлы, Қоғам акционерлерінің мүдделеріне қатысты ақпаратты жеткізіп тұруы шарт.

16. Келесі ақпарат Қоғам акционерлерінің мүддесіне қатысты болып мойындалады:

- 1) Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес акционерлер мен инвесторлардың назарына жеткізілуі тиіс ақпаратқа қатысты мәселелер тізімі бойынша акционерлердің Жалпы жиналысы және Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдер;

«СентрасИншуранс»СК» АҚ	К-01 Корпоративті басқару Кодексі	28.05.2015 ж.№1 Басылым	25-тен5-ші бет
		26.08.2010 ж. басылым орнына	

2) Қоғам акциялар мен басқа бағалы қағаздарды шығару және Қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру қорытындысы туралы есеп, уәкілетті орган бекіткен Қоғамның бағалы қағаздарын өтеу қорытындылары туралы есеп, уәкілетті орган бекіткен Қоғамның бағалы қағаздарын жоюы туралы есеп;

3) Қоғам ірі мәмілелерді бекітуі және бекітілуіне мүдделі мәмілелер;

4) Қоғам активтерінен бес және одан аса пайызды құрайтын сомаға Қоғам мүлкін кепілдікке (қайта кепілдікке) беру;

5) Қоғамның меншік капиталы көлемінен жиырма бес және одан аса пайызды құрайтын мөлшерде Қоғамның қарыз алуы;

6) Қызмет түрін атқаруға Қоғам лицензия алуы, қызмет түрлерін атқаруға Қоғам ертеректе алған лицензияларын тоқтата тұру немесе тоқтату;

7) Қоғам басқа заңды тұлғаларды құруына қатысуы;

8) Қоғам активтерінен бес және одан жоғары пайыз құрайтын сомаға Қоғам мүлкін тұтқындау;

9) төтенше жағдай сипатындағы жайттар орын алуы, егер олардың салдарынан баланстық құны Қоғам активтерінің жалпы көлемінен он және одан жоғары пайызды құрайтын Қоғамның мүлігі жойылса;

10) Қоғамды және оның лауазымды тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тарту;

11) Корпоративтік дауға қатысты сотта іс қозғау;

12) Қоғамды мәжбүрлі түрде қайтақұру туралы шешімдер;

13) Қоғамның Жарғысына, бағалы қағаздарды шығару проспектісіне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғамның акционерлері мен инвесторларының мүдделеріне қатысты басқа оқиғалар.

17. Қоғам өз акционерлерін Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметі және оның нәтижелері туралы шынайы ақпаратпен қамтамасыз етеді. Әсіресе ол акционерлік капитал (акция) саласындағы мәмілелерге қатысты, ол мәмілелер акционерлер үшін максималды негізді әрі тұнық болуы шарт.

18. Басқарма Қоғам қызметіндегі жоспарлы өзгерістерді міндетті түрде негіздеуі тиіс және акционерлердің құқықтары сақталуының және қорғалуының нақты перспективаларын ұсынуы шарт.

19. Қоғам барлық акционерлерге тең қарауды қамтамасыз етуі шарт.

§ 2. Директорлар кеңесі мен Басқарма Қоғамды тиімді басқаруы принципі

20. Директорлар кеңесі қызметінің принциптері:

1) Қоғамның Директорлар кеңесінің қызметі акционерлердің құқықтары мен міндеттері максималды ұстануы принципіне негізделген және Қоғамның табыс деңгейін арттыруға бағытталған;

2) Директорлар кеңесі акционерлерге Қоғамның ағымдағы қызметіне объективті мониторинг жасау арқылы Қоғамның жеткен жетістіктері мен перспективаларына салалы және анық баға береді және акционерлердің инвестициялары мен Қоғам активтерін сақтау мақсатында тәуелсіз аудит пен ішкі бақылаудың сенімді жүйесін қолдау мен жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

3) Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімді жұмысын қамтамасыз етеді, Қоғамдағы мүдделердің корпоративті дауларын бақылайды және реттейді;

4) Директорлар кеңесі Қоғам акционерлері алдында өз қызметінің толық тұнықтығын қамтамасыз етеді;

5) Директорлар кеңесіне заңнамамен бекітілген тәртіпте Қоғам қызметінің ақпаратын ашу және ақпараттық жариялауы бойынша жауапкершілік жүктеледі, және ол ақпараттардың классификациясын негіздеуге міндетті және ішкі (қызметтік) ақпараттың қорғалуы мен сақталуын қамтамасыз етуге міндетті;

6) Директорлар кеңесінің құрамында міндетті түрде тәуелсіз директорлар болуы шарт, олардың саны заңнамамен анықталады. Қоғам заңнаманың базалық ережелеріне негізделген директорлардың тәуелсіздігінің жеке критерийлерін анықтайды. Тәуелсіз директордың басты

«СентрасИншуранс»СК» АҚ	К-01 Корпоративті басқару Кодексі	28.05.2015 ж. №1 Басылым	25-тенб-ші бет
		26.08.2010 ж. басылым орнына	

сипаты оның бақылау акционерінен, Қоғамның менеджментінен және мемлекеттен тәуелсіздігінде;

7) Директорлар кеңесі мүшелерінің жұмысын бағалау жүйесі және адал сыйақылау олардың Қоғам және барлық акционерлер мүддесіне жұмысына ынталандыруы тиіс;

8) Директорлар кеңесі өз қызметін және жекелеген директорлардың жұмысын бағалау механизмін әзірледі, Директорлар кеңесінің және Басқарма мүшелерінің қызметін бағалау тәсілдері мен критерийлерін тауып, оларды үнемі қайта қарап тұрады, сонымен қатар Басқарма қызметіне бақылау жасайды;

9) Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар, өздеріне жүктелген міндеттерді адал атқарады және көбіне Қоғам мен акционерлердің мүддесін айқындайтын тәсілдерді қолданады;

10) Директорлар кеңесі лауазымына кірген мүше өз қызметіне байланысты Қоғам алдында міндеттемелерді қабылдайды. Директорлар кеңесі мүшесінің Қоғам алдындағы міндеттемелерінің мәтіні, Директорлар кеңесінің мүшесі істермен және қызмет барысымен танысу тәртібі, Директорлар кеңесінің мүшесі уәкілеттерін қайтасайлау кезінде немесе кезекті сайлау кезінде ерікті тоқтату тәртібі, уәкілеттерді еркін өткізу тәртібі, жүктелген міндеттерді атқармауы үшін жауапкершілік шаралары, Директорлар кеңесінің жиналыстарын шақыру және өткізу тәртібі Қоғамның Жарғысымен, ішкі құжаттарымен анықталады, Директорлар кеңесімен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен әзірленіп, Қоғамның акционерлерінің Жалпы жиналысымен бекітіледі.

21. Басқарма қызметінің принциптері:

1) Басқарма Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылық жасайды және акционерлердің Жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдері орындалуын қамтамасыз етеді, себебі олардың ережелері тиімді корпоративті басқаруды қамтамасыз етеді;

2) Қоғам Басқармасының қызметі Қоғам мен акционерлердің мүдделерін максималды ұстану принципі негізінде құралады, ол толықтай акционерлердің Жалпы жиналысы мен Қоғамның Директорлар кеңесі шешімдеріне есепті.

§ 3. Қоғамның қызметі туралы ақпаратты ашу тұнықтығы мен объективтігі принципі

22. Қоғамның қызметі туралы ақпаратты ашу инвесторлардың Қоғамның қаржылық қызметіне қатысуы туралы позитивті шешімдеріне ықпал етуі тиіс.

23. Ақпараттық ашықтық Қоғамды басқарудағы максималды негізділік пен тұнықтықты қамтамасыз етуі тиіс және ол Қоғамның ішкі құжаттары негізінде құралады.

24. Қоғам қызметіндегі маңызды корпоративті оқиғалар туралы ақпаратты Қоғам үнемі ұсынып тұрады және Директорлар кеңесімен анықталған ішкі ақпаратты ашудың қатаң әрі сенімді механизмдерін ұстанумен қатар, олардың құпиялығын да сақтайды.

25. Акционерлер немесе әлеуетті инвесторлар тиісті шешім қабылдауына қажетті Қоғамның қызметі туралы ақпаратқа еркін әрі қиындықсыз қолжеткізу мүмкіндігіне ие болуы шарт.

26. Қоғам уақтылы өз қызметінің басты нәтижелері, жоспарлары мен перспективалары туралы ақпаратты жария етеді, егер ол ақпарат акционерлер мен инвесторлардың мүлкітік және басқа құқықтарына едәуір әсерін тигізетін болса, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жарғыға және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес акционерлердің жазбаша сұраныстарына уақтылы және толық көлемде жауап береді.

27. Қаржылық есеп пен аудит процедуралары мен ережелері акционерлер мен инвесторлардың тарапынан Қоғамның қызметіне сенімділікті қамтамасыз етуге бағытталған.

28. Қаржылық есептілікті жүргізу және аудит өткізу келесі принциптерге негізделеді:

- 1) толықтық пен шынайылық;
- 2) объективтік пен тәуелсіздік;
- 3) кәсіптілік пен компетенттік;
- 4) үнемі өткізу мен тиімділік.

29. Қоғам Басқармасы Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сай қаржылық ақпараттың толықтығы мен шынайылығы үшін жауапты.

«СентрасИншуранс»СК» АҚ	К-01 Корпоративті басқару Кодексі	28.05.2015 ж.№1 Басылым	25-тен7-ші бет
		26.08.2010 ж. басылым орнына	

30. Директорлар кеңесі қаржылық-шаруашылық қызметке бақылау жасау жүйесіне кіретін органдардың және ішкі бақылау жүйесін әзірлеуге, бекітуге, қолдануға және бағалауына кіретін тұлғалардың құзырларын шектеп береді.

§ 4.Зандылық пен этика принциптері

31. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына, жалпымен қабылданған іскерлік этика принциптері мен Қоғамның ішкі құжаттарына қатаң сәйкестікте әрекет етеді. Қоғамның ішкі құжаттары Қазақстан Республикасының талаптары негізінде және корпоративті әрі іскерлік этика негізінде әзірленеді.

32. Қоғамның акционерлері, Директорлар кеңесінің мүшелері мен Қоғам Басқармасының мүшелері арасындағы қатынастар өзара сенім, құрмет, есептілік пен бақылау негіздерінде құралады.

§ 5.Тиімді дивидендті саясат принципі

33. Қоғам дивидендті саясатты Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес атқарады.

34. Дивидендті саясат туралы Қоғамның ішкі нормативті құжаты дивидендтер көлемін анықтаудың тұнық механизмін және оларды төлеудің тәртібін қамтамасыз етеді, Қоғамның дивидендті саясатын жүзеге асыру механизмдері мен принциптерін анықтайды, сонымен қатар тиесілі акцияларына байланысты акционерлерге төленетін дивидендтер көлемінің ережелері мен тәртібін анықтайды.

35. Ішкі құжат акционерлердің жағдайы артуының және Қоғам капиталының өсуінің жалпы мақсаттарын құрайды, сонымен қатар заңға және заң актілеріне негізделген дивидендті саясаттың нақты ережелерін жасақтайды. Ол ережелер бөлінбеген табысты есептеу тәртібін және дивидендтерді төлеуге жіберілетін табыс бөлігін анықтауға регламенттеледі, дивидендтерді төлеу шарттарын, көлемін есептеу тәртібін, дивидендтерді төлеу тәртібін, соның ішінде төлеу мерзімін, орнын және төлем түрін анықтайды.

36. Қоғам акционерлеріне дивидендтерді төлеу Қоғамның нақты қаржылық жағдайы негізінде дивидендтерді есептеу және төлеу үшін жағдай болуы туралы шынайы ақпарат негізінде құралады және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес төленеді.

37. Директорлар кеңесі дивидендті саясат туралы ішкі құжатты бекітеді, ол құжат Қоғамның дивидендті саясатын жүзеге асырудың нақты принциптері мен механизмдерін анықтайды. Қоғамның дивидендті саясаты келесіні көздейді:

1) дивидендтердің көлемі мен төлеу ережелерін анықтайтын қарапайым әрі мықты механизмді қамтамасыз ету;

2) барлық мүдделі тұлғалардың құқықтарын өзара сақтаумен Қоғам акционерлерінің мүдделерін оптималды үйлестіру;

3) Қоғам және Басқарма дивидендтерді акционерлерге ақшалай түрде толық әрі уақтылы төлеуін қамтамасыз ету.

38. Тиісті мерзім үшін барлық салықтарды төлегеннен кейінгі, бухгалтерлік есеп мақсатында есептелген таза пайда дивидендтерді төлеу көзі болып есептеледі.

39. Дивидендтерді төлеу үшін жағдай бар болуы туралы ақпарат және оларды төлеу тәртібі туралы ақпараттың жеткілікті болуы дивидендтерді төлеу туралы шешімді қабылдауға негіз болады.

§ 6.Тиімді кадр саясаты принципі

40. Қоғамдағы корпоративті басқару Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген Қоғам қызметкерлерінің құқықтарын қорғау негізінде құрылған және Қоғам мен оның қызметкерлері арасындағы серіктестік қатынастарды дамытуға, әлеуметтік мәселелер мен еңбек шарттары, еңбекті қорғауды регламенттеуге бағытталуы шарт.

41. Қоғамның кадр саясатының басты бағыттарының бірі жұмыс орнын сақтау, жұмыс жағдайын жақсарту және Қоғамдағы еңбекті қорғау, сонымен қатар Қоғам қызметкерлерінің әлеуметтік қорғалу нормаларын сақтау болып табылады.

«СентрасИншуранс»СК» АҚ	К-01 Корпоративті басқару Кодексі	28.05.2015 ж.№1 Басылым	25-тен8-ші бет
		26.08.2010 ж. басылым орнына	

42. Қоғамдағы корпоративті басқару Қоғамның еңбек ұжымында қолайлы әрі творчестволық атмосфераны қалыптастыруға, Қоғам қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға бағытталуы тиіс.

43. Қоғамның кадр саясатының мақсаты - Қоғамның алдына қойған мақсаттарын сапалы әрі жедел шешуге қабілетті, жоғарыбілікті мамандардан құралған команданы жоспарлы жасақтау, Қоғамның талаптарына, қолданыстағы заңнама талаптарына және еңбек нарығының жағдайына сәйкес кадрдың сапалы құрамын және санын сақтау үшін жаңартудың оптималды балансын ұстану. Қоғамның кадр саясаты электроэнергетика саласындағы инженерлік және техникалық қызметкерлердің жоғарыбілікті резервін құруға және сақтауға бағытталған.

44. Қоғам жұмыс орындарын сақтау және еңбек жағдайын жақсарту принципін ұстанады және қызметкерлердің кәсіби деңгейін арттыруға, кадр таңдау және орнықтыруға, материалды қолдау жүйесін құру арқылы бастамашыл әрі шығармашыл қызметкерлердің жылдам кәсіби өсуіне мүмкіндіктер жасауға бағытталған жұмыстарды атқарады.

§ 7.Қоршаған ортаны қорғау принципі

45. Қоғам өз қызметі барысында қоршаған ортаны қорғау және оған үнемді қарауды қамтамасыз етеді және Қоғамның қызметі барысында қоршаған ортаны қорғау бойынша заңнаманы ұстанады.

46. Заңнама қоршаған ортаны қорғау саласындағы қоғам қызметінің жекелеген мәселелерін реттемеген жағдайда, Қоғам ықтимал тәуекелдерді қоғам назарына жеткізеді және жеке өзі Қоғам қызметінің қоршаған ортаға кері әсерін төмендетуге бағытталған шараларын атқарады.

§ 8.Корпоративті дауларды реттеу саясаты

47. Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелері, Қоғамның қызметкерлерімен тең, өз кәсіби қызметтерін адал әрі ақылмен атқарады, Қоғам мен акционерлердің қамқорлығы мен мүддесін қорғаумен, мүдделердің дауларын алдын алады. Олар өз қызметін тек заңнама талаптары мен осы Кодекс принциптеріне ғана толық сәйкестігін қамтамасыз етпей, сонымен қатар этикалық стандарттар мен іскерлік этиканың жалпымен қабылданған нормаларына сәйкестігін қамтамасыз етеді.

48. Қоғамда корпоративтік дау орын алған жағдайда ондай даудың қатысушылары Қоғам акционерлерінің құқықтары тиімді қорғалуы, Қоғамның іскерлік мәртебесі қорғалуы мақсатында келіссөздер жүргізу арқылы дауларды шешеді.

49. Корпоративті даулар келіссөздер жүргізу арқылы шешілмеген жағдайда, олар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуі тиіс.

Тарау 3. Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысы

50. Акционерлердің Жалпы жиналысы Қоғамның Жоғарғы органы болуда.

51. Акционерлердің Жалпы жиналысын жылына бір реттен кем емес жүргізу арқылы Қоғам акционерлерге Қоғамның қызметі, жетістіктері мен жоспары туралы хабарлайды, акционерлерді Қоғам қызметінің аса маңызды сұрақтары бойынша талқылауға және шешім қабылдауға тартады. Миноритарлы акционер (дауыс беретін акцияның кем дегенде он пайызына ие акционер) акционерлердің Жылдық жалпы жиналысында Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген және осы Кодекспен көзделген Қоғамның қызметі туралы ақпаратты алуға құқылы.

52. Жалпы жиналысқа қатысып, акционер өзіне тиесілі Қоғамды басқару құқығын жүзеге асырады.

53. Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысын ұйымдастыру және өткізу тәртібі келесі талаптарды қанағаттандыруы тиіс:

- 1) Қоғамның барлық акционерлеріне адал әрі тең көзқарас пен қатынас;
- 2) акционерлердің Жалпы жиналысына акционерлер қатысуының қолжетімділігі;
- 3) максималды ұйымдастырылған және есепті ақпаратты ұсыну;
- 4) акционерлердің Жалпы жиналысын өткізудің қарапайымдылығы және тұнықтығы.

§ 1.Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізуді ұйымдастыру

54. Акционерлердің Жылдық Жалпы жиналысын Директорлар кеңесі шақырады.

«СентрасИншуранс»СК» АҚ	К-01 Корпоративті басқару Кодексі	28.05.2015 ж.№1 Басылым	25-тен9-ші бет
		26.08.2010 ж. басылым орнына	

55. Акционерлердің Кезектен тыс Жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің немесе ірі акционердің бастамасымен шақырылады, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа органдардың немесе тұлғалардың бастамасымен шақырылады. Егер Қоғам ерікті тарату процесінде болса, онда акционерлердің Кезектен тыс Жалпы жиналысы Қоғамның тарату комиссиясымен шақырылуы, дайындалуы және жүргізілуі мүмкін.

56. Қоғам акционерлерінің Кезектен тыс Жалпы жиналысы Қоғамның ірі акционерінің талабымен, сот шешімі негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін, егер Қоғамның органдары ол акционердің Кезектен тыс Жалпы жиналысты шақыру және өткізу бойынша талабын қанағаттандырмаса.

57. Акционерлердің Жылдық Жалпы жиналысы сот шешімі негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін, егер сот, Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген акционерлердің Жылдық Жалпы жиналысын шақыру тәртібін Қоғамның органдары бұзған жағдайда, кезкелген мүдделі тұлғадан талап-арызды қабылдаса.

58. Акционерлердің Кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесіне ұсынылады, ол туралы Қоғам Басқармасы орналасқан жерге тиісті жазбаша ескерту жолданады, ескертуде ондай жиналыстың күнтәртібі жазылады.

59. Қоғамның Директорлар кеңесі күнтәртібіне өзгерістер енгізуге және ірі акционердің талабымен шақырылатын акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын өткізудің ұсынылған тәртібін өзгертуге құқықсыз.

60. Акционерлердің Кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыруда Директорлар кеңесі ұсынылған талаптарға сәйкес Жалпы жиналыстың күнтәртібін өз қалауымен басқа сұрақтармен толықтыруға құқылы.

61. Егер акционерлердің Кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру талабы ірі акционерден бастама алса, онда ол жиналысты шақырған акционерлердің (акционердің) аты (атауы) және оған тиесілі акциялардың саны мен түрі көрсетілуі тиіс.

62. Акционерлердің Кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы талапқа акционерлердің Кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыруды талап еткен тұлға қол қояды.

63. Директорлар кеңесі, заңмен бекітілген мерзімде, талапты алған күннен бастап шешім қабылдауға және ондай талап қойған тұлғаға акционерлердің Кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдауы жайлы немесе шақырудан бастартуы жайлы ескерту жолдауға міндетті.

64. Қоғамның Директорлар кеңесі ірі акционердің талабымен акционерлердің Кезектен тыс Жалпы жиналысын шақырудан бастарту туралы шешімді заңнамамен көзделген жағдайларда қабылдауы мүмкін.

65. Қоғамның Директорлар кеңесінің акционерлердің Кезектен тыс Жалпы жиналысын шақырудан бастарту шешімін сотта даулауға болады.

66. Егер заңнамамен бекітілген мерзімде Директорлар кеңесі шақыруды талап еткен тұлғаның ұсынған талабы бойынша акционерлердің Кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылданады, онда ол тұлға акционерлердің Кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру талабымен сотқа жүгінуге құқылы.

67. Акционерлердің Жалпы жиналысы өтуі туралы акционерлер ескертілуі тиіс, соның ішінде сырттай тәртіпте, алайда Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген мерзімде және тәртіпте.

68. Барлық акционерлер акционерлердің Жалпы жиналысына қатысу және дауыс беру құқығы бар акционерлердің тізімімен танысуға міндетті. Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысу және онда дауыс беру құқығы бар акционерлердің тізімімен танысу процесі барлық акционерлер үшін қарапайым болуы шарт. Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысу және онда дауыс беру құқығы бар акционерлердің тізімін Қоғамның акцияларын ұстаушылар тізілімінің мәліметтер жүйесі негізінде Қоғамның регистраторы дайындайды.

69. Қоғамның қызметіне және басқаруына енгізілетін маңызды өзгерістерді қарау және қабылдау процесі акционерлердің Жалпы жиналысында ондай өзгерістерді негіздейтін қосымша материалдармен қамтамасыз етілуі тиіс.

«СентрасИншуранс»СК» АҚ	К-01 Корпоративті басқару Кодексі	28.05.2015 ж. №1 Басылым	25-тен10-ші бет
		26.08.2010 ж. басылым орнына	

70. Қажет болған жағдайда акционерлерге Қоғамның қызметіне қатысты аналитикалық материалдар мен басқа ұйымдардың Қоғам қызметі жайлы материалдары ұсынылады.

71. Акционерлердің Жалпы жиналысына қарауға және қабылдауға ұсынылатын материалдарды дайындауда келесі талаптар ұстануы тиіс:

1) акционерлердің Жалпы жиналысының күнтізбесінің сұрақтарына қатысты материалдар дайын және Басқарма орналасу орны бойынша акционерлер танысуына қолжетімді болуы шарт, ал акционер сұраған жағдайда - Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген мерзімде оған жолдануы тиіс;

2) акционерлер шешім қабылдауына дейін ұсынылатын ақпарат пен материалдар қаралатын мәселелерді толық ашуға мүмкіндік беруі шарт, сонымен қатар оларды ұсыну қаралатын сұрақтардың мәнін ашуына, қызықтыратын сұрақтарға жауап алуына мүмкіндік беруі және күнтізбесіндегі сұрақтар бойынша негізді шешім қабылдауға мүмкіндік беруі тиіс;

3) акционерлерге ұсынылатын ақпараттық материалдар күн тәртібіне қатысты жүйелі болуы шарт;

4) ақпараттың нормативтік тізімінен басқа, акционерлерге Қоғамның қызметіндегі жоспарлар, жетістіктер мен күрделі мәселелер туралы қосымша ақпарат ұсынылады. Ақпаратты ашу талабы Қоғамға артық әкімшілік ауыртпалық пен нәтижесіз шығын келтірмеуі тиіс;

5) акционерлердің Жалпы жиналысы Қоғам қызметі мен оны басқаруға қатысты маңызды өзгерістерді қарау мен қабылдау процесін ондай өзгерістерді негіздеу бойынша қосымша материалдармен қамтамасыз етілуі тиіс;

6) қажет болған жағдайда акционерлерге Қоғамның қызметі туралы аналитикалық зерттеулер мен Қоғамның қызметі жайлы басқа ұйымдардың материалдары ұсынылады;

7) егер акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіне Қоғамның органдарына сайлау мәселесі енгізілсе, ал акционерлердің Жылдық жалпы жиналысын өткізуде акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібінің көрсетілген сұрақтары бойынша материалдарда Қазақстан Республикасының заңнамасымен регламенттелген мәліметтер мен құжаттар болуы шарт;

8) күн тәртібінің сұрақтары нақты әрі басқаша талқылауды жоққа шығаратын болуы шарт. Күн тәртібінде «басқасы», «тағы басқа», «түрлі» сөздері және сол тәрізді сөз тіркестері болмауы шарт.

72. Акционерлердің Жалпы жиналысын қайта өткізу акционерлердің Жалпы жиналысы өтуге (өтпеген жиналыс күні) бекітілген бірінші күннен кейін, кем дегенде келесі күні белгіленуі тиіс, ондай жағдайда заңнамамен бекітілген ережелер ұстануы шарт. Акционерлердің Жалпы жиналысы жиналыс өтпеген орында өткізіледі. Қайта өтетін акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі өтпеген жиналыстың күн тәртібіне сәйкес болуы шарт.

§ 2. Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу

73. Акционерлердің Жалпы жиналысы Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қоғамның Жарғысымен және Қоғамның ішкі қызметін реттейтін басқа құжаттарымен анықталған тәртіпте, және акционерлердің Жалпы жиналысының тікелей шешімімен өткізіледі.

74. Акционерлердің Жалпы жиналысын шақыру және өткізу тәртібі барлық акционерлердің акционерлердің Жалпы жиналысына қатысу құқығын жүзеге асыруына мүмкіндік береді. Акционер акционерлердің жалпы жиналысына жеке өзі қатысуға және қаралатын сұрақтар бойынша жеке өзі дауыс беруге немесе өзінің өкілі арқылы қатысуға және дауыс беруге құқылы.

75. Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу тәртібі ақылға қонымды қолжетімділік пен акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі сұрақтарын кең талқылау мүмкіндігіне негізделеді, және соған сәйкес негізді шешім қабылдау мүмкіндігін береді.

76. Қоғам қызметіндегі акционерлердің Жалпы жиналысының маңыздылығы Қоғамды басқаруға қатысатын барлық лауазымды тұлғаларды жиналыстың өтуіне дайындауда. Аталған тұлғалар жиналысқа қатыса алмауы жағдайында, жиналысқа күн тәртібіндегі сұрақтарға құзырлы, олардың орынбасарлары қатысуы шарт.

77. Акционерлердің Жалпы жиналысы өтетін күн мен уақыт акционерлердің Жалпы жиналысына қатысу және онда дауыс беру құқығы бар акционерлердің көбі қатысуы мүмкіндігін

«СентрасИншуранс»СК» АҚ	К-01 Корпоративті басқару Кодексі	28.05.2015 ж. №1 Басылым	25-тен 11-ші бет
		26.08.2010 ж. басылым орнына	

қарастырумен бекітілуі тиіс. Акционерлердің Жалпы жиналысы Қоғамның Басқармасы орналасқан жерде өтеді.

78. Акционерлерді тіркеу уақыты келген барлық акционерлерді және олардың өкілдерін тіркеуге жеткілікті болуы тиіс.

79. Акционерлердің Жалпы жиналысымен сайланған Төраға акционерлердің бәрі жиналыста қойылған маңызды сұрақтарына жауап алуын қамтамасыз етуі шарт. Егер акционерлер қойған сұрақтарға дереу сол жиналыста жауап беру мүмкіндігі болмаса, онда сұрақ қойылған тұлғалар, акционерлердің Жалпы жиналысынан кейінгі жуық арада, жазбаша түрде жауапты ұсынады.

80. Акционерлердің Жалпы жиналысының регламенті баяндамашылардың сөз алуының нақты тәртібін белгілейді.

81. Заңнамаға сәйкес акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі дауыс беру арқылы немесе сырттай дауыс беру арқылы қабылданады. Сырттай дауыс беру акционерлердің Жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлермен бірге қолданылуы мүмкін, немесе акционерлердің Жалпы жиналысының отырысын өткізбестен жүргізілуі мүмкін.

82. Акционерлердің Жалпы жиналысындағы дауыс беру “бір акция - бір дауыс” принципімен өтеді, тек Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайлардан басқада.

83. Дауыстарды жинау және есептеу тәртібі аса қарапайым және тұнық болуы шарт. Дауыс беру қорытындысы бойынша есептеу комиссиясы дауыс беру туралы хаттаманы толтырады және оған қол қояды. Акционерде дауысқа қойылған сұрақ бойынша ерекше пікір болса, онда Қоғамның есептеу комиссиясы оны тиісті жазумен хаттамаға енгізеді.

84. Дауыс беру туралы қорытынды хаттама жасалғаннан және оған қол қойылғаннан кейін құпия және сырттай дауыс беру бойынша толтырылған бюллетеньдер (соның ішінде жарамсыз деп танылғандары), олардың негізінде хаттама жасалған, хаттамамен бірге тігіліп, Қоғамда сақталады.

85. Дауыс беру туралы хаттама акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасына қоса тіркеледі. Дауыс беру қорытындылары акционерлердің Жалпы жиналысында жарияланады, және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы немесе заңнамамен бекітілген мерзімде акционерлерге ескерту жолдау арқылы акционерлердің назарына жеткізіледі.

86. Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдері жазбаша хаттама түрінде рәсімделеді, онда заңнамамен белгіленген мәліметтер жазылады, оған акционерлердің Жалпы жиналысының Төрағасы (президиум мүшелері), хатшысы, есеп комиссиясының мүшелері, Қоғамның дауыс беретін акцияларының он және одан жоғары пайызына ие акционерлері және акционерлердің Жалпы жиналысына қатысқан акционерлер қол қояды.

87. Егер қол қоюға міндетті тұлғаның қолын қою мүмкіндігі болмаса, онда хаттамаға сенімхат негізінде әрекет ететін оның өкілі немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес немесе акционердің атынан сенімхатсыз әрекет ету және оның мүдделерін ұсыну құқығына келісім-шарты бар тұлға қол қояды.

88. Егер осы тараудың 86 бөлімінде көрсетілген тұлғалардың бірі хаттаманың мазмұнымен келіспеген жағдайда, аталған тұлға оған қол қоюдан бастартуға құқылы, онда ол бастартудың себебін жазбаша түсіндіреді, түсініктемесі хаттамаға қоса тіркеледі.

89. Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылғаннан кейін үш жұмыс күні аралығында толтырылады және қол қойылады. Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасы дауыс беру хаттамасымен, Жалпы жиналысқа қатысу және онда дауыс беру сенімхаттарымен, сонымен қатар хаттамаға қол қоюдан бастартуды растайтын түсініктемелермен бірге тігіледі. Аталған құжаттарды Басқарма сақтайды және олар кез-келген уақытта танысу үшін акционерлерге ұсынылады. Акционердің талабымен оған хаттаманың көшірмесі беріледі.

Тарау 4. Қоғамның Директорлар кеңесі

§ 1. Директорлар кеңесінің қызметі

90. Директорлар кеңесі—Қоғамды басқару органы, сандық құрамы, уәкілеттер мерзімі, мүшелерін сайлау және уәкілеттерін тоқтату, сонымен қатар мүшелерді сыйақылау көлемі және шығындарына өтемақы көлімі акционерлердің Жалпы жиналысымен белгіленеді.

«СентрасИншуранс»СК» АҚ	К-01 Корпоративті басқару Кодексі	28.05.2015 ж.№1 Басылым	25-тен12-ші бет
		26.08.2010 ж. басылым орнына	

91. Директорлар кеңесі Қоғамның қызметіне жалпы басшылық етеді, Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қоғамның Жарғысымен акционерлердің Жалпы жиналысының құзырына кіретін сұрақтардың шешімінен басқасы.

92. Қоғамның Директорлар кеңесі:

1) Қоғам акционерлерінің мүдделері жүзеге асуын және құқықтары қорғалуын қамтамасыз етеді;

2) Қоғамның үстемді басты даму бағыттарын анықтайды, Қоғам қызметіндегі ұзақмерзімді перспективалардың негізгі ориентирлерін бекітеді;

3) нарықтық жағдайды, Қоғамның қаржылық жағдайын және Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметіне әсер ететін басқа факторларды есепке алумен, бекітілген басты бағыттарды ұстануға объективті баға береді.

93. Заңнамамен және Қоғамның жарғысымен бекітілген тек Директорлар кеңесінің құзырына кіретін сұрақтар.

94. Директорлар кеңесінің құзырына тәуекелдерді басқару, ұстануды қамтамасыз ету бойынша Қоғамның ішкі процедураларын бекіту кіреді, сонымен қатар ондай процедуралардың тиімділігіне талдау жасау және оларды жетілдіру кіреді. Ондай процедуралар Директорлар кеңесін тәуекелдерді басқару жүйесіндегі маңызды өзгерістер туралы уақтылы ескертуді көздейді.

95. Директорлар кеңесі Басқарма қызметінің басқару және бақылау бойынша ішкі процедураларын бекітеді, оның мүшелеріне сыйақылау мөлшерлерін бекітеді. Басқарма мүшелерін сыйақылау жүйесінің анықтау әдістемесі әр мүшенің біліктілік деңгейін және Қоғам қызметіндегі нәтижесі бойынша Басқарма мүшесінің қосқан үлесін есепке алуы тиіс. Сыйақылау мөлшері Қоғамның қаржылық қызметінің нәтижелеріне және оның акцияларының құны өсуіне байланысты анықталады.

96. Директорлар кеңесі Қоғамды басқаруға тәжірибелі мамандарды тартуды қамтамасыз ететін, Басқарма мүшелерін таңдау және тағайындаудың тиімді жүйесін әзірлейді.

97. Директорлар кеңесі Корпоративті хатшы туралы ережені әзірлейді және бекітеді, Корпоративті хатшыны тағайындайды және оның қызметіне бақылау жүргізеді.

§ 2. Директорлар кеңесін жасақтау және оның уәкілеттер мерзімі

98. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау акционерлер үшін тұнық және анық болуы шарт. Ол мақсатта Қоғам Директорлар кеңесінің мүшелерін таңдау және тағайындау бойынша дайын ережелерді ұстанады, тағайындалған мүшелер Қоғамның барлық акционерлерінің құқықтары орындалуын және мүдделері қорғалуын қамтамасыз етеді.

99. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау процесі барлық акционерлердің пікірлері мен мүдделерін есепке алумен атқарылады. Тек жеке тұлға ғана Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады.

100. Директорлар кеңесі мүшесіне кандидаттардың және Директорлар кеңесі мүшелерінің іскерлік және қаржылық салада позитивті жетістіктері мен мәртебесі болуы, басшылық қызметінде нақты тәжірибесі болуы шарт.

101. Директорлар кеңесінің мүшелері келесіден сайланады:

1) акционерлер—жеке тұлғалар;

2) акционерлердің өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылған тұлғалар;

3) жеке тұлғалар, Қоғамның акционері болып табылмайтын және акционерлердің өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылмаған тұлғалар.

102. Директорлар кеңесінің мүшелерін акционерлер дауыс беру бюллетеньдерін қолданумен кумулятивті дауыс беру арқылы сайлайды, тек Директорлар кеңесіндегі бір орынға бір кандидат ұсынылған жағдайдан басқада. Акционер өзіне тиесілі акциялар бойынша дауысты бір кандидатқа беруіне немесе Директорлар кеңесінің мүшесіне бірнеше кандидатқа бөліп беруге құқылы. Ең көп дауысты иеленген кандидаттар Директорлар кеңесіне сайланған болып мойындалады. Егер Директорлар кеңесі мүшесіне екі кандидат тең дауыс алса, онда акционерлерге тең дауыс алған кандидаттарды көрсетумен бюллетень ұсыну арқылы қосымша кумулятивті дауыс беріледі.

«СентрасИншуранс»СК» АҚ	К-01 Корпоративті басқару Кодексі	28.05.2015 ж.№1 Басылым	25-тен13-ші бет
		26.08.2010 ж. басылым орнына	

103.Басқарма мүшелері, оның басшыларынан басқасы, Директорлар кеңесіне сайлана алмайды, ал Басқарма Төрағасы Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайлана алмайды.

104.Директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директорлар енуі тиіс, олардың саны Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген лимиттен кем болмауы тиіс. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны және Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қоғамның Жарғысымен бекітіледі.

105.Директорлар кеңесі мүшелігіне кандидаттар уәкілетті органның талаптарына сай болуы шарт және сайлаудан кейін заңнамамен бекітілген тәртіпте және мерзімде келісу процедурасын өтуі керек.

106.Директорлар кеңесінің мүшелері шексіз рет сайлануы мүмкін, егер басқасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қоғамның Жарғысымен көзделмесе. Директорлар кеңесінің уәкілеттер мерзімін акционерлердің Жалпы жиналысы белгілейді.

107.Акционерлердің Жалпы жиналысы Директорлар кеңесі мүшелерінің уәкілеттерін тоқтатуға, немесе жекелеген мүшелерінің уәкілеттерін тоқтатуға құқылы. Директорлар кеңесі мүшесінің уәкілеттерін мерзімінен ерте тоқтатуға қатысты Жалпы жиналыс бастамасы көтерсе, онда Директорлар кеңесіне жазбаша ескерту жолданады. Директорлар кеңесінің ондай мүшесінің уәкілеттері Директорлар кеңесі ондай ескертуді алған кезден бастап тоқтатылады.

108.Директорлар кеңесі мүшесінің уәкілеттері мерзімінен ерте тоқтатылған жағдайда, акционерлердің Жалпы жиналысында Директорлар кеңесінің жаңа мүшесі кумулятивті дауыс беру арқылы сайланады, жаңа сайланған Директорлар кеңесі мүшесінің уәкілеттері Директорлар кеңесі мүшелерінің толықтай уәкілеттері тоқталатын мерзіммен сәйкес келеді.

§ 3.Директорлар кеңесінің Төрағасы

109.Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесі мүшелерінің арасынан, құпия дауыс беру арқылы, көп дауыс алу арқылы сайланады. Директорлар кеңесі кезкелген уақытта Төрағаны қайта сайлауға құқылы.

110.Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның мәжілістерін жүргізеді, сонымен қатар Қоғамның Жарғысымен анықталған қызметтерді атқарады. Директорлар кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда, оның қызметін Директорлар кеңесінің шешімімен Директорлар кеңесінің бір мүшесі атқарады.

§ 4.Директорлар кеңесінің қызметін ұйымдастыру

111.Қоғамның Директорлар кеңесінің қызметі ақыл, тиімділік, жауапкершілік пен әдептілік принциптеріне негізделеді.

112.Қоғамның Директорлар кеңесінің мәжілістері рационалдық, тиімділік пен үнемді өткізу принциптарында өткізіледі.

113. Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғамның Директорлар кеңесінің мәжілістерін дайындау мен өткізудің ішкі процедураларын ұстанады. Ол процедуралар Қоғамның Директорлар кеңесі мәжілістерінің қажетті параметрлерін регламенттеуге міндетті.

114.Директорлар кеңесінің мәжілістерін өткізу күндізгі және сырттай түрде өткізуді көздейді, оған мәжіліс жұмысының нақты тәсілін таңдау негіз болады.

115.Директорлар кеңесінің мәжілістерін күндізгі түрде өткізу ең тиімді түр.Қоғамның қызметіне қатысты аса маңызды, басты, стратегиялы сұрақтарды қарау және шешім қабылдау кезінде мәжілістерді күндізгі түрде өткізу міндетті болып табылады.

116.Екі жағдайда да Директорлар кеңесінің мәжілісінде екі түрді де үйлестіруге болады. Бұл тәсіл Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше мүшелері (30% кемі) Директорлар кеңесінің мәжілісіне қатыса алмауында қолданылады. Ондай жағдайда Директорлар кеңесінің мүшесі байланыстың техникалық құралдарын қолдану арқылы, қаралатын сұрақтарды талқылауға қатысады, кейін өз пікірін жазбаша түрде ұсынуы шарт.

117. Аса маңызды сұрақтарды қарау және Директорлар кеңесіне ұсыныстар дайындау үшін Қоғамда Стратегиялық жоспарлау, кадр және сыйақылау, ішкі аудит пен әлеуметтік сұрақтар жөніндегі Директорлар кеңесінің Комитеті құрылған.

«СентрасИншуранс»СК» АҚ	К-01 Корпоративті басқару Кодексі	28.05.2015 ж.№1 Басылым	25-тен14-ші бет
		26.08.2010 ж. басылым орнына	

118.Директорлар кеңесі Комитетінің Басшысы (Төрағасы) тәуелсіз директор болуы шарт.

119.Директорлар кеңесі Комитетін құру тәртібін және қызметін, оның мүшелерінің сандық құрамын Қоғамның ішкі құжаттары негізінде Директорлар кеңесі бекітеді.

120.Қоғам барлық мүдделі тұлғалар үшін жарияланған акцияларды шығару проспектісінде Директорлар кеңесі мүшелерін сыйақылау көлемі туралы ақпаратты жариялайды. Директорлар кеңесінің мүшелерін есепті мерзімде сыйақылау көлемі туралы ақпаратты жылдық есепте көрсету шарт, ол есеп акционерлердің Жылдық Жалпы жиналысына қатысатын Қоғамның акционерлері үшін дайындалады.

121.Директорлар кеңесінің мүшелері Қоғам қызметінің жағдайына мониторинг жүргізуге құқылы және Қоғамның басқа органдарымен және лауазымды тұлғаларымен үнемі байланыста болуға құқылы.

122.Директорлар кеңесі Қоғамның қызметтік немесе коммерциялық құпиясын құрайтын ақпараттың немесе материалдардың Директорлар кеңесінің бұрынғы мүшелерімен қуыну мерзімін анықтайды, олар Директорлар кеңесі құрамында өз қызметін тоқтатқаннан кейінгі.

§ 5.Директорлар кеңесін шақыру және мәжілістері

123.Директорлар кеңесінің мәжілісі оның Төрағасының немесе Басқарманың бастамасымен немесе келесінің талабымен шақырылуы мүмкін:

- 1) Директорлар кеңесінің кезкелген мүшесімен;
- 2) Қоғамның ішкі аудит қызметімен;
- 3) Қоғамға аудит жүргізетін аудиторлық ұйыммен;
- 4) ірі акционермен.

124.Директорлар кеңесін шақыру туралы талапты жолдау тәртібі, мәжіліс өткізу мерзімі, күн тәртібінің сұрақтарына қатысты материалдарға қойылатын талаптар мен оларды ұсыну мерзімдері заңнамамен анықталады. Директорлар кеңесінің мәжілісін өткізу туралы Директорлар кеңесінің мүшелеріне ескерту жолдау тәртібін Директорлар кеңесі анықтайды, ал «алтын акция» иесіне – Қоғамның Жарғысы анықтайды.

125.Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің мәжілісіне қатыса алмауы туралы Басқарманы ертерек ескертуге міндетті.

126.Директорлар кеңесінің мәжілісін өткізуге кворум Қоғамның Жарғысымен анықталады, алайда ол Директорлар кеңесі мүшелері санының жартысынан кем болмауы тиіс. Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің саны Жарғымен бекітілген кворумға жеткіліксіз болса, Директорлар кеңесі акционерлердің Жалпы жиналысын шақырып, Директорлар кеңесіне жаңа мүшелерді сайлауы тиіс. Директорлар кеңесінің басқа мүшелері акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдауға құқылы.

127.Директорлар кеңесінің әр мүшесі тек бір дауысқа ие, шешімдер қатысып отырған Директорлар кеңесі мүшелерінің басым көпшілік даусымен немесе шешуші болып табылатын мәжіліс төрағасының даусымен қабылданады.

128.Директорлар кеңесі өзінің жабық мәжілісін өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы, ол мәжіліске тек Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатысады.

129.Директорлар кеңесінің шешімдері хаттамамен рәсімделеді, оған мәжілісте төрағалық еткен тұлға, Директорлар кеңесінің хатшысы қол қояды. Директорлар кеңесінің шешімдеріне және оларды рәсімдеу мен Директорлар кеңесіне ұсыну мерзімдері заңнамамен бекітілген. Директорлар кеңесінің барлық шешімдері Қоғамда сақталады.

130.Мәжіліске қатысқан және Директорлар кеңесінің шешіміне қарсы дауыс берген мүше заңнамамен және Қоғамның Жарғысымен бекітілген тәртіпте, бұзылған тәртіпті сотта даулауға құқылы.

131.Акционер Директорлар кеңесінің шешімін сотта даулауға құқылы, егер ол шешім заңнаманың және Қоғам Жарғысының талаптарын бұзумен қабылданса, егер аталған шешіммен Қоғамның және/немесе осы акционердің құқықтары мен мүдделері бұзылса.

«СентрасИншуранс»СК» АҚ	К-01 Корпоративті басқару Кодексі	28.05.2015 ж.№1 Басылым	25-тен15-ші бет
		26.08.2010 ж. басылым орнына	

§ 6. Директорлар кеңесі қызметінің нәтижелерін бағалау

132. Директорлар кеңесі мүшелерінің жұмысын бағалау және адал сыйақылау жүйесі олардың Қоғам мен акционерлер мүддесіне қатысты жұмысын ынталандыруы тиіс.

133. Директорлар кеңесі өз қызметін және жекелеген директорлардың қызметін бағалау механизмін дайындайды, оны акционерлердің Жалпы жиналасы бекітеді, Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелері қызметін бағалау тәсілдері мен критерийлерін құрып, оларды үнемі қайта қарап отырады.

134. Директорлар кеңесі мүшелерінің қызмет нәтижелерін акционерлердің Жалпы жиналысы бағалайды.

Тарау 5. Қоғамның Басқармасы

§ 1. Қоғам Басқармасы жұмысының принциптері

135. Қоғам Басқармасы өз жұмысында Директорлар кеңесі бекіткен Қоғам Басқармасын тағайындау, ұйымдастыру тәртібі және қызметі туралы Қоғамның ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

136. Қоғамның Басқармасы өз уәкілеттерін жүзеге асыруында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, Жарғыны, акционерлердің Жалпы жиналысының және Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерін, Қоғамның ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

137. Заңнамамен бекітілген принциптерден басқа Қоғам Басқармасының басты принциптері адалдық, жауапкершілік, білімділік, мұқияттылық, реттілік болуда.

138. Қоғам Басқармасы қызметінің басты бағыттары келесі:

- 1) Қоғамның мақсаттарын, стратегиясын және саясатын асыру;
- 2) Қоғам қызмет етуінің жүйелері мен ережелерін анықтау және бекіту;
- 3) жоспарлау;
- 4) Директорлар кеңесінің келісімімен Қоғамның құрылымын анықтау және қызметкерлердің санын анықтау;
- 5) марапаттау және тәртіпті қамтамасыз ету, Қоғамның ішкі еңбек тәртібін анықтау;
- 6) Қоғамның шұғыл қызметін басқару, акционерлердің Жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдері орындалуын қамтамасыз ету;
- 7) Қоғамның құрылымдарымен жұмыс саясатын дайындау және бекіту;
- 8) есептілікті құрастыру, жариялау бойынша заңнама талаптарын орындау, уәкілетті органмен Қоғамның басқарушы тұлғаларын келісу;
- 9) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Қоғам атқаратын барлық операция түрлеріне бақылау жасау;
- 10) қаржылық есептілікті дайындау;
- 11) Қоғамның мақсаттарына жеткізуге қажетті басқа да мәселелер, тек Жарғыға сәйкес акционерлердің Жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесіне бекітілген мәселелерден басқасы.

139. Қоғам Басқармасы Қоғамның ақпараты сақталуы және қорғалуын қамтамасыз ету үшін барлық шараны атқарады, ол ақпаратты қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа ақпараттар құрайды. Қоғамның Басқармасы Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес Қоғамның қызметі туралы ақпаратты ашуды және ұсынуды бақылайды.

140. Қоғам Басқармасы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптары ұстануын қамтамасыз етеді, соның ішінде еңбек заңнамасы, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы туралы заңнаманы.

§ 2. Қоғам Басқармасын жасақтау, шешім қабылдау тәртібі және Төрағасының құзыры

141. Басқарма мүшелерінің санын, персоналдық құрамын, сонымен қатар Басқарма мүшелерінің уәкілеттерінің мерзімін Директорлар кеңесі анықтайды.

142. Қоғам Басқармасы мүшелерін тағайындауда Директорлар кеңесі Қоғам Басқармасына кандидаттарына қойылатын біліктілік талаптарын анықтайтын Қоғамда дайындалған және бекітілген ішкі құжатты ұстанады.

«СентрасИншуранс»СК» АҚ	К-01 Корпоративті басқару Кодексі	28.05.2015 ж.№1 Басылым	25-тен16-ші бет
		26.08.2010 ж. басылым орнына	

143.Қоғамның акционерлері және Қоғамның акционер емес қызметкерлері Қоғам Басқармасының мүшесі бола алады. Басқарма мүшесі Директорлар кеңесінің келісімімен басқа ұйымдарда қызмет етуіне болады. Қоғам Басқармасының Төрағасы атқарушы органның басшысы немесе басқа заңды тұлғаның атқарушы органының қызметін жеке өзі атқаратын лауазымын атқара алмайды.

144.Қоғам Басқармасына мүше лауазымына кандидат жақсы атаққа ие болуы және Қоғамның Директорлар кеңесінің көпшілік мүшесінің сеніміне ие болуы шарт.

145.Қоғам Басқармасының мүшелігі қызметіне басқарушы қызметте айтарлықтай тәжірибе мен машыққа ие кәсібилер тартылады.

146.Қоғам Басқармасының мүшелерін іріктеу мен тағайындау барынша айқын және нақты механизм негізінде жүргізіледі. Басқарма құрамына үміткерлер уәкілетті органның талаптарына сай келулері шарт және сайланғаннан кейін заңнамамен белгіленген тәртіп пен мерзімде келісу рәсімінен өтулері шарт.

147.Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және Қоғамның Жарғысымен Қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатпайтын Қоғам қызметінің кез келген мәселесіне байланысты шешім қабылдауға құқылы және Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

148.Басқарманың шешімдері жиналысқа қатысушы барлық Басқарма мүшелері қол қойған хаттамамен ресімделеді және онда дауысқа салынған мәселелер, Басқарманың әр мүшесінің әр мәселе бойынша дауыс беру қорытындылары көрсетілген дауыс беру қорытындылары жазылады.

149.Басқарма Қоғам белгілеген шектеулерді бұзған жағдайда, егер келісімге отыру барысында тараптарға мұндай шектеулердің бар екендігі белгілі болғандығын дәлелдей алса, Қоғам келісімінің растығымен келіспеуге құқылы.

150.Басқарма мүшелерінің қызметтері, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен, Қоғамның Жарғысымен және ішкі құжаттарымен анықталады. Басқарма Төрағасымен жасалған Еңбек шартына Қоғам атынан Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Жалпы жиналыста немесе Директорлар кеңесінде сенім артылған тұлға қол қояды.

151.Басқарма Төрағасының құзыреті Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен, Қоғамның Жарғысымен және ішкі құжаттарымен, сондай-ақ еңбек шартымен, Акционерлердің жалпы жиналысының және Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен анықталады.

Тарау 6. Қоғамның лауазымды тұлғаларының қызметі мен жауапкершілігінің принциптері

§ 1. Қоғамның лауазымды тұлғалары қызметінің принципі

152.Қоғамның лауазымды тұлғалары:

1) өздеріне артылған міндеттерді адал атқарады және Қоғам мен акционерлер мүддесін барынша қамтитын әдістерді қолданады

2) Қоғам мүлкін пайдаланбаулары және оны Қоғам Жарғысы мен Акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы пайдалануға, сондай-ақ жеке басының қажетіне және үлестес тұлғаларымен келісімге отыру барысында теріс мақсатта пайдалануға жол бермеулері қажет;

3) тәуелсіз аудит жүргізуді қоса есептегенде, бухгалтерлік есеп жүйесі мен қаржылық есеп-қисаптың тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті;

4) Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес Қоғам қызметі туралы ақпаратты жариялау мен ұсынуды бақылайды;

5) Қоғамның қызметі туралы ақпараттардың құпиялылығын сақтауға міндетті, егер Қоғамның ішкі құжаттарымен өзгерістер енгізілмесе, бұл Қоғамдағы қызметі аяқталған сәттен бастап үш жылға дейін жалғасады.

153. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғамның Жарғысы мен ішкі құжаттарында белгіленген талаптарға сәйкес, хабардарлық, айқындық негізде Қоғам мен оның акционерлері мүддесіне сай әрекет етулері шарт;

«СентрасИншуранс»СК» АҚ	К-01 Корпоративті басқару Кодексі	28.05.2015 ж. №1 Басылым	25-тен 17-ші бет
		26.08.2010 ж. басылым орнына	

2) барлық акционерлерге әділ қарап, корпоративті мәселелерге байланысты объективті тәуелсіз пайым жасаулары шарт.

§ 2. Қоғамның лауазымды тұлғаларының жауапкершілігі

154. Қоғамның лауазымды тұлғалары Қоғам мен акционерлер алдында әрекеттерінің немесе әрекетсіздігінің салдарынан келген шығын үшін және келесінің нәтижесінде келтірілген, бірақ шектеу қойылмаған шығындарды қосқанда, Қоғам келтірген шығын үшін Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жауапкершілікке тартылады:

1) жаңылыстыратын немесе көрінеу жалған ақпарат ұсыну;

2) заңнамамен белгіленген ақпаратты ұсыну тәртібін бұзу;

3) ірі мәмілеге отыру туралы шешім қабылдау және (немесе) жүзеге асыру барысында мүдделестігі бар, теріс әрекеті немесе әрекетсіздігі салдарынан Қоғамды шығынға ұшыратуға әкеп соқтырған, сондай-ақ өздерінің немесе үлестес тұлғаларының Қоғаммен мұндай мәмілелерге отыру нәтижесінде кіріске (табысқа) қол жеткізу мақсатында келісімге отыру туралы шешім қабылдау және (немесе) шешім қабылдауға ұсыныс жасау.

155. Акционерлердің жалпы жиналысы шешімі негізінде Қоғам немесе Қоғам акцияларының дауыс берушілердің бес немесе одан да көп пайызына ие (жиынтыққа ие) акционер (акционерлер) өз атынан сотқа лауазымды тұлғадан Қоғамға келген шығынды немесе оның Қоғамға келтірген залалын өтеу туралы, сондай-ақ лауазымды тұлғадан және (немесе) оның үлестес тұлғасынан ірі мәмілеге отыру туралы және/немесе Қоғамның шығынға ұшырауына әкеп соқтырған мүдделестік бар мәмілеге отыру туралы шешім (шешімге қосымша) қабылдағаннан кейін алынған кірісті (табысты) қайтару туралы талаппен жүгінуге құқылы, егер лауазымды тұлға теріс пиғылды әрекеті және (немесе) әрекетсіздігі жағдайында.

156. Акционерлердің жалпы жиналысы шешімі негізінде Қоғам немесе Қоғам акцияларының дауыс берушілердің бес немесе одан да көп пайызына ие (жиынтыққа ие) акционер (акционерлер) өз атынан сотқа Қоғамның лауазымды тұлғасынан және/немесе үшінші жақтан Қоғамның үшінші жақпен келісімге отыру салдарынан үшінші жақтың Қоғамға келтірген шығынын, егер мұндай шешімді қабылдау және/немесе жүзеге асыру барысында Қоғамның аталмыш лауазымды тұлғасы аталмыш үшінші жақпен келісім негізінде Қазақстан Республикасының заңнама талаптарын, Қоғамның Жарғысы мен ішкі құжаттарының талаптарын немесе оның еңбек шартын бұза отырып әрекет етсе, Қоғамға келген шығынды өтеу туралы талаппен жүгінуге құқылы. Бұл жағдайда Қоғамға осындай шығындарды өтеу барысында көрсетілген үшінші жақ пен Қоғамның лауазымды тұлғасы Қоғамның ниеттес борышқоры ретінде қатысады.

157. Егер Қоғам органдары қабылдаған, Қоғамды шығынға ұшыратқан шешімге немесе акционерге қарсы дауыс берген жағдайда, немесе дәлелді себептерге байланысты дауыс беруге қатыспаған жағдайда, келісімге отыруға мүдделі және жүзеге асыру салдарынан Қоғамға шығын келген келісімге отыруды ұсынған лауазымды тұлғаны есептегенде, Қоғамның лауазымды тұлғалары жауапкершіліктен босатылады.

158. Лауазымды тұлға шешім қабылдау сәтінде өзекті (тиісті) ақпарат негізінде және мұндай шешім Қоғам мүддесіне қызмет етеді деп есептеген болса, егер заңмен белгіленген Қоғамның лауазымды тұлғаларының қызмет принциптерін сақтай отырып тиісті негізде әрекет еткендігі дәлелденсе, коммерциялық (кәсіпкерлік) шешім қабылдау салдарынан келген шығынды өтеуден босатылады.

159. Егер Қоғамның қаржылық есебі Қоғамның қаржылық жағдайын бұрмаласа, Қоғамның аталмыш қаржылық есебіне қол қойған Қоғамның лауазымды тұлғалары осының салдарынан материалдық шығынға ұшыраған үшінші жақ алдында жауапқа тартылады.

Тарау 7. Қоғамның корпоративті хатшысы

§ 1. Қоғамның корпоративті хатшысын лауазымға тағайындау және босату тәртібі

160. Корпоративті хатшы – Директорлар кеңесінің және (немесе) Басқарманың мүшелігіне кірмейтін, Қоғамның Директорлар кеңесі тағайындайтын және соған есеп беретін, өзінің қызметі аясында акционерлер мен Директорлар кеңесінің жалпы жиналысының дайындығы мен өткізілуін

«СентрасИншуранс»СК» АҚ	К-01 Корпоративті басқару Кодексі	28.05.2015 ж.№1 Басылым	25-тен18-ші бет
		26.08.2010 ж. басылым орнына	

қадағалайтын, көрсетілген органдардың күнтізбесі бойынша мәліметтердің тізілуін қамтамасыз ететін және оған қол жетімділіктің қамтамасыз етілуін қадағалайтын Қоғам қызметкері.

161. Корпоративті хатшы қызметіне үміткерлік бойынша ұсыныстарды Директорлар кеңесінің мүшелері мен Басқарма Төрағасы енгізе алады. Директорлар кеңесіне әр үміткерге қатысты жалпы мәліметтерден бөлек, Қоғамға үлестігінің бар/жоғы туралы мәлімет ұсынылуы шарт, үлестес тұлғалармен қарым-қатынасы туралы қосымша мәліметті Үміткер өз қалауы бойынша ұсына алады.

162. Корпоративті хатшы қызметіне тағайындалған тұлғамен еңбек шарты жасалады. Қоғам атынан шартқа, бұл жағдайда Директорлар кеңесінің Төрағасының өкілеттілігі табысталғандықтан, Басқарма Төрағасы қол қояды. Еңбек шартының талаптарын Қоғамның Директорлар кеңесі бекітеді.

163. Корпоративті хатшы Қоғамның Директорлар кеңесінің келісімімен ғана өз қызметін Қоғамдағы басқа да қызметтермен қатар жүзеге асыруға құқылы.

164. Корпоративті хатшының жұмысын Қоғамның Басқарма Төрағасы бағалап, сыйақы тағайындау туралы Директорлар кеңесіне ұсыныс жасайды.

165. Корпоративті хатшыны қызметінен босату себептері еңбек шартында көрсетіледі. Корпоративті хатшыны қызметінен босату үшін жалпы себептер мыналар:

- 1) өз міндеттерін нашар орындауы;
- 2) Корпоративті хатшының өз міндеттерін жүзеге асырудан бас тартуы туралы өтініші;
- 3) Корпоративті хатшының бекітілген еңбек шартының талаптарын бұзуы;
- 4) Корпоративті хатшының бекітілген шартта қарастырылған талаптарға сай келмеуі.

§ 2. Қоғамның корпоративті хатшысының қызметі

166. Корпоративті хатшының құзыреті мен қызметі Қоғамның ішкі құжаттары негізінде айқындалады.

167. Акционерлердің жалпы жиналысында қаралатын және шешім қабылданатын құжаттарды дайындауды қамтамасыз ету аясында Корпоративті хатшы келесілерді жүзеге асырады:

1) Акционерлердің жалпы жиналысының күнтізбесіне сауалдар енгізу, Акционерлердің жалпы жиналысында анықталатын Қоғам органдарына үміткерлерді ұсыну туралы ұсыныстарды қабылдау, келіп түскен ұсыныстар немесе талаптардың есебін жүргізу;

2) келіп түскен ұсыныстар немесе талаптарды олар түскеннен кейін келесі күні бір күн кешіктірмей Директорлар кеңесінің Төрағасына тапсыру;

3) келіп түскен ұсыныстар немесе талаптар бойынша Директорлар кеңесінің Акционерлердің жалпы жиналысында шешім қабылдануы тиіс деп қабылданған шешімдерін бағыттау;

4) егер Акционерлердің жалпы жиналысының күнтізбесінде Қоғам органдарына сайлау туралы мәселелер қойылса – үміткерлерге тиісті органдарға сайлануға келісімі туралы сұрау дайындау және оны жіберу;

5) Акционерлердің жалпы жиналысында шешім қабылдау үшін ұсынылуы тиіс мәліметтерді тізу, сонымен бірге оның Директорлар кеңесінің шешімімен сәйкестігін тексеру;

6) Акционерлердің жалпы жиналысында қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау;

7) Қоғамның ішкі құжаттарында айқындалған өзге де қызметтер.

168. Директорлар кеңесінің жұмысын қамтамасыз ету аясында Корпоративті хатшы:

1) Директорлар кеңесінің қайта сайланған мүшелеріне Қоғамда әрекет ететін Директорлар кеңесі мен өзге органдар қызметінің ережелерін түсіндіреді, ұйымдық құрылымға танысу үшін Қоғамдағы лауазымды тұлғалар туралы және Директорлар кеңесінің мүшелеріне тиесілі міндеттерді жүзеге асыруға қажетті басқа да мәліметтерді ұсынады;

2) Директорлар кеңесінің жиналысын өткізу жоспарының жобасын, Директорлар кеңесі жиналысының күнтізбесі жобалары бойынша, өткізілу түрі бойынша ұсыныстар дайындайды және оларды Директорлар кеңесінің Төрағасына таныстырады;

«СентрасИншуранс»СК» АҚ	К-01 Корпоративті басқару Кодексі	28.05.2015 ж.№1 Басылым	25-тен19-ші бет
		26.08.2010 ж. басылым орнына	

3) Директорлар кеңесінің мүшелері мен жиналысқа шақырылған тұлғаларға Директорлар кеңесінің жиналысына шақырылғандығы туралы уақтылы хабарлайды, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша мәліметтер тізеді және оны Директорлар кеңесінің мүшелеріне жібереді;

4) Акционерлердің жалпы жиналысының, Директорлар кеңесінің және оның Комитетінің хатшысы болып табылады, көрсетілген органдардың жиналысы барысынан хаттамалар жүргізеді және қабылданған шешімдерді Қоғам Басқармасына мәлімдейді;

5) Қоғамның ішкі құжаттарында айқындалған өзге де қызметтерді жүзеге асырады.

169. Директорлар кеңесі Комитетінің қызметін қамтамасыз ету аясында Корпоративті хатшы:

1) Комитет жұмысын жоспарлауға қатысады;

2) Комитет жиналыстарын өткізу барысындағы ұйымдастыру мәселелерін шешеді;

3) Қоғам органдары мен өзге де мүдделі тұлғаларға Комитетте қаралмақ мәселелер туралы мәліметтер береді

4) Комитет жиналысына шақырылғандықтары туралы органдар мүшелері мен Қоғам қызметкерлерін хабарландырады;

5) Қоғамның ішкі құжаттарында айқындалған өзге де қызметтерді жүзеге асырады.

§ 3.Корпоративті

хатшыныңҚоғамныңқұрылымдықбөлімшелеріменжәнелауазымдытұлғаларыменқарым-қатынасыбойыншауәкілеттері

170. Корпоративті хатшы өз құзыретіне жататын барлық мәселелер бойынша Қоғамның басшылары мен қызметкерлеріне жүгінуге, сондай-ақ Қоғамның басқару және бақылау органдарының жиналыстарына қатысуға құқылы. Корпоративті хатшы өзінің қызметін жүзеге асыру бойынша қажетті мәліметтерді құрылымдық бөлімшелердің лауазымды тұлғалары мен басшыларынан сұратуға құқылы, ал олар өз кезегінде Корпоративті хатшыға қажетті мәліметтерді ұсынуға міндетті.

171. Лауазымды тұлғалар Қоғамның сырты аудиторы мен мемлекеттік билік тарапынан жүргізілетін тексерістер туралы Корпоративті хатшыны хабардар етуі шарт.

172. Корпоративті тұлға Қоғамдағы корпоративті басқаруды жетілдіруге, Қоғамның басқару мен бақылау органдарының өзара қатанысының тиімділігін арттыруға бағытталған шаралардың бастамашысы болуға құқылы.

173. Корпоративті тұлға Басқарма Төрағасының немесе оның орынбасарларының келісімімен құрылымдық бөлімшелермен Акционерлердің жалпы жиналысының, Директорлар кеңесінің және оның Комитетінің құзыретіне қатысты мәселелер бойынша мәліметтер дайындауға құқылы.

174. Корпоративті хатшы бір мезетте Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасын хабарландыра отырып, Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен лауазымды тұлғаларынан акционерлердің құқын бұзатын немесе корпоративті даудың тууына себеп болатын (себеп болуы мүмкін) әрекеттердің тоқтатылуын талап етуге құқылы.

§ 4.Корпоративті хатшының жауапкершілігі

175. Корпоративті хатшы өз құқықтарын жүзеге асыру мен міндеттерін орындау барысында Қоғам мүддесіне сай әрекет етуі тиіс, өз құқықтары мен міндеттерін Қоғамға қатысты адал әрі дұрыс жүзеге асыруы шарт.

176. Корпоративті хатшының Қоғамның коммерциялық немесе өзге де жасырын мәліметтерін жариялауы, оны жеке басының мақсаттарына пайдалануы немесе үшінші жаққа тапсыруы заңнамамен қарастырылған жауапкершілікке тартылуына әкеп соғады.

177. Корпоративті хатшы Қоғамға өзінің кінәлі әрекеттері (әрекетсіздігі) арқылы келтірген шығындары үшін жауапқа тартылады, егер өзге себептер мен жауапкершілік көлемі заңнамамен немесе Қоғамның ішкі құжаттарымен бекітілмесе.

«СентрасИншуранс»СК» АҚ	К-01 Корпоративті басқару Кодексі	28.05.2015 ж.№1 Басылым	25-тен20-ші бет
		26.08.2010 ж. басылым орнына	

Тарау 8. Қоғамның маңызды корпоративті оқиғалары

178. Маңызды корпоративті оқиғалар – заңнамамен айқындалған акционерлер мүддесі мен Қоғам мүддесін қозғайтын Қоғам қызметіне елеулі ықпал ететін оқиғалар. Қоғам өзінің акционерлері мен инвесторларына Қоғамның келесідей корпоративтік оқиғалары туралы мәліметтер беруі тиіс:

1) Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінде мәселелер тізімі бойынша қабылданған шешімдер, Қоғамның ішкі құжаттарымен сәйкес ақпараттар акционерлер мен инвесторларға мәлім болуы шарт;

2) Қоғамның акциялар мен басқа да құнды қағаздарды шығаруы және уәкілетті органдардың Қоғамның бағалы қағаздарды орналастыру туралы есебінің қорытындысын, Қоғамның бағалы қағаздарды өтеу туралы есебінің қорытындысын бекітуі, Уәкілетті органдардың Қоғамның бағалы қағаздарының күшін жоюы;

3) Қоғамның ірі мәміле мен Қоғамның мүддесі көзделген мәміле жасауы;

4) Қоғамның қандай да бір қызмет түрін жүзеге асыруға алған рұқсаты, Қоғамның бұрын қандай да бір қызмет түрін жүзеге асыруға байланысты алған рұқсатының тоқтатылуы немесе қысқартылуы;

5) мүлікке тыйым салу, Қоғам мүлкін оның активтерінің бес немесе одан да көп пайызын құрайтын соммаға кепілге беру (қайта кепілдендіру);

6) Қоғамды мәжбүрлі түрде қайта құру туралы шешімдер;

7) Қоғамның акционерлері мен инвесторларының заңнамаға, Қоғамның бағалы қағаздарды шығару туралы Жарғысы мен аңдатпасына сәйкес мүдделерін қозғайтын басқа да оқиғалар.

179. Қоғам Басқармасы Қоғамның маңызды корпоративті оқиғалары туралы Қоғамның ішкі құжаттарын дайындайды және Директорлар кеңесі бекіткеннен кейін сол ережелерді сақтайды, онда келесі мәселелерге ерекше назар аударылады:

1) Қоғамның маңызды корпоративті оқиғаларын жүзеге асырудың шарттары мен ретін анықтау;

2) жүзеге асырылатын Қоғамның маңызды корпоративті оқиғаларын алдын ала мақұлдау және бағалау;

3) Қоғамның маңызды корпоративті оқиғаларын сараптау және талқылау.

180. Қоғамның маңызды корпоративті оқиғаларының мәні, жүзеге асқан жағдайда, Қоғамда ашықтық пен сенім ахуалын жасау, оларды жүзеге асырудың қарапайым әрі айқын шараларын қалыптастыру қажеттігін алдын ала анықтайды

181. Заңнамамен бекітілген маңызды корпоративті оқиғаларды жүзеге асыру тәртібі мен рәсімін сақтаудан бөлек, Директорлар кеңесі мен Қоғам Басқармасы деңгейінде талқылаудың қосымша кең әрі сенімді механизмі жасалады. Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысында Қоғамның ірі корпоративті оқиғаларын жүзеге асырудың қажеттігі мен мақсаттылығының толық дәлелін ұсынуы тиіс.

Тарау 9. Қоғамның ақпаратты жариялауы

§ 1. Ақпаратты жариялау тәртібі

182. Ақпаратты жариялау Қоғамның жағымды имиджін қалыптастыруды қамтамасыз етуге бағытталған, ол өз кезегінде капитал тартуға, Қоғамның өндірістік және қаржылық көрсеткішінің өсуіне және сенімді сақтауға жағдай жасауы керек.

183. Қоғамның ақпараттық ашықтығы Қоғам туралы көпшілік ақпаратты еркін әрі оңай орындалатын қолжетімділік мүмкіндігімен қамтамасыз етуі керек. Ақпаратты жариялау тәртібі Қоғам туралы ақпараттың жоғарғы деңгейдегі қолжетімділік және Қоғамның коммерциялық, қызметтік және өзге де заңмен қорғалатын құпиясы бар ақпараттарының толықтай қорғалуы принциптерін қанағаттандыру керек.

184. Көпшілікке арналған ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарын жүйелі түрде пайдалану арқылы жариялау қажет. Қоғам ақпаратты жариялаудың басқа да тәсілдерін қолдана алады.

«СентрасИншуранс»СК» АҚ	К-01 Корпоративті басқару Кодексі	28.05.2015 ж.№1 Басылым	25-тен21-ші бет
		26.08.2010 ж. басылым орнына	

185. Қоғам ұйымның интернет-ресурсына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықталған барлық корпоративті оқиғалар туралы ақпараттарды, Қоғамның тоқсандық, жылдық қаржылай есеп-қисабы мен аудиторлық есептерін, сондай-ақ уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен бекітілген тәртіп пен мерзімде жыл қорытындысы бойынша Басқарма мүшелерінің жиынтық көлемдегі сыйақылары туралы ақпараттарды орналастыруды қамтамасыз етеді.

186. Қоғам корпоративті веб-сайтында ірі акционерлер, сондай-ақ уәкілетті ұйымның ішкі құжаттарымен анықталған тәртіпте басқа заңды тұлғадағы құзыреті мен міндеттері туралы ақпараттарды көрсете отырып, басқа заңды тұлғадағы басшылық қызмет немесе басқа да негізгі қызметті қатар атқаратын Директорлар кеңесінің мүшелері туралы ақпаратты жариялауға міндетті.

187. Корпоративті оқиғалар туралы ақпараттарды ұсыну (жариялау немесе акционерлерге мәлімдеу) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қоғамның Жарғысымен бекітілген тәртіп пен мерзімде жүзеге асырылады.

188. Сотта корпоративті дау туралы іс қозғалғандығы жөніндегі ақпарат акционерге Қоғам корпоративті дау туралы азаматтық іс қозғалғандығы туралы сәйкес сот хабарламасын (шакыртуын) алған күннен бастап заңнамаға сәйкес мерзім ішінде ұсынылуы тиіс.

189. Қоғам қызметтік немесе коммерциялық құпия туралы ақпарат мәлім Қоғам қызметкерлерінің тізімін міндетті енгізуді қамтамасыз етеді.

§ 2. Қоғамның сақтандыру, коммерциялық және қызметтік құпиясын құрайтын ақпаратты қорғау

190. Қоғам туралы ақпаратқа қолжетімділікпен қатар, Қоғам сақтандыру, коммерциялық, қызметтік және өзге де заңмен қорғалатын құпия туралы ақпараттың сақталуы мен қорғалуын қамтамасыз етеді.

191. Қоғам туралы немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе өзге де заңмен қорғалатын құпиясы бар ақпаратты Директорлар кеңесі анықтайды.

192. Қоғамда қызметтік және ішкі ақпаратты пайдаланудың тиімді бақылау жүйесі жасалып, пайдаланылады.

193. Қоғамның мүдделерін қорғау тәртібі, заңсыз жариялау жағдайының алдын алу немесе жолын кесу, жою (тапсыру) және/немесе үшінші жақтың заңмен қорғалатын сақтандыру, коммерциялық және/немесе өзге де құпияға рұқсатсыз қолжетімдігі, сондай-ақ шарттық құқықтық қатынастар тоқтатылғаннан кейін Қоғам қызметкерлері мен азаматтық-құқықтық шарт негізінде Қоғамның контрагенттері болып табылатын тұлғалардың көрсетілген ақпараттың мерзімін жарияламауы Қоғамның ішкі құжаттарымен реттеледі.

194. Қоғамның барлық қызметкерлері Директорлар кеңесі айқындаған Қоғам қызметіне қатысты ақпараттарды жарияламау туралы міндеттемеге қол қояды. Қоғам қызметкерлері үшінші жаққа құпия ақпаратты Қоғамның уәкілетті лауазымды тұлғасының алдын ала жазбаша рұқсатынсыз жариялауға құқы жоқ.

195. Сақтандыру, коммерциялық және қызметтік және өзге де заңмен қорғалатын құпиясы бар ақпаратқа қатысты белгіленген талаптарды бұзған тұлға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапқа тартылады.

Тарау 10. Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылау

§ 1. Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметін бақылау жүйесі

196. Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметін бақылау жүйесінің жұмысын Директорлар кеңесі айқын реттелген негізде қалыптастырады.

197. Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыру үшін Қоғамда ішкі аудит қызметі жасақталған.

198. Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру қорытындысы туралы ақпаратты Жарғыда және Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпте барлық акционерлер мен Қоғам қызметіне мүдделі тұлғаларға ұсынады.

«СентрасИншуранс»СК» АҚ	К-01 Корпоративті басқару Кодексі	28.05.2015 ж. №1 Басылым	25-тен22-ші бет
		26.08.2010 ж. басылым орнына	

199. Басқарма жыл сайын Директорлар кеңесі алдын ала бекіткен, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес аудит жүргізілген өткен жылдың жылдық қаржылық есеп-қисабын талқылап, біржола бекіту үшін Акционерлердің жалпы жиналысына ұсынады. Қаржылық есеп-қисаптан бөлек, Басқарма Жалпы жиналысқа аудиторлық есепті ұсынады.

200. Қоғам жыл сайын бұқаралық ақпарат құралдарына уәкілетті органдар бекіткен тәртіп пен мерзімде шоғырландырылмаған жылдық қаржылық есеп-қисап пен аудиторлық есепті жариялауға міндетті.

§ 2. Ішкі аудит қызметі

201. Қоғамның Ішкі аудит қызметінің басшысы мен қызметкерлерінің қызмет тәртібі, атқаратын қызмет түрі, міндеттері мен жауапкершілігі Қоғамның ішкі құжаттарымен анықталады.

202. Тексеріс жүргізудің барлық ұйымдастыру мәселелерін, тексеріс жүргізуге тікелей жауапты тұлғаны алдын ала Қоғамның Ішкі аудит қызметі анықтайды.

203. Тексерістің негізсіз созылып кетуіне жол бермеу үшін Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен ішкі құжаттар негізінде тексерістердің мерзімі мен жүргізілу тәртібі анықталады. Қоғамның Ішкі аудит қызметінің тексеріс жүргізу тәртібі Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметін бақылаудың тиімді механизмдерімен қамтамасыз етуі шарт.

204. Қоғам оның барлық мүшелерінің ой-пікірі есепке алынатын Ішкі аудит қызметі есебінің корпоративті түрін қолданады.

205. Директорлар кеңесі Қоғамда қойылған мақсаттарға тиімді тәсілдер арқылы жету мақсатында Ішкі аудит қызметі жасаған ішкі құжаттарды бекіту арқылы келесілерге мүмкіндік беретін Қоғамға ішкі бақылау үрдістері мен жүйелерін енгізеді:

- 1) Қоғамның қорларын заңсыз және тиімсіз пайдалану тәуекелдерін дер кезінде анықтау және талдау;
- 2) өндірістік және қаржылық тәртіптің бұзылуын дер кезінде анықтау және жою;
- 3) Қоғам активтерінің сақталуын қамтамасыз ету;
- 4) Қоғамның кірістілігін арттыру қорларын анықтау.

§ 3. Сыртқы аудит

206. Қоғам жылдық қаржылық есеп-қисап аудитін жүргізуге міндетті.

207. Қоғам аудиті Директорлар кеңесінің, Басқарманың бастама көтеруімен Қоғам есебінен немесе ірі акционердің талабы бойынша соның есебінен жүргізілуі мүмкін, мұндайда ірі акционер аудиторлық ұйымды өз бетінше анықтауға құқылы. Аудитті ірі акционердің талабы бойынша жүргізген жағдайда, Қоғам аудиторлық ұйым сұратқан барлық қажетті құжаттарды (мәліметтерді) ұсынуға міндетті.

208. Егер Басқарма Қоғам аудитін жүргізуден бас тартса, сот шешімімен аудит кез келген мүдделі тұлғаның талбы бойынша тағайындалады.

209. Сыртқы аудитордың аудиторлық тексерісінің негізгі мақсаты – Қоғамның қаржылық есеп-қисабын, тәуекелдерді басқару жүйесін тексеру мен сыртқы аудитордың халықаралық стандарттар талабы мен Қазақстан Республикасының заңнамасымен сәйкестігі туралы пікірін білу.

Тарау 11. Қоғамның дивидендті саясаты

§ 1. Дивидендті саясат

210. Қоғамның дивидендті саясатын жүзеге асырудың үрдістері мен механизмдерін айқын анықтайтын дивидендті саясат туралы ішкі құжаттарды Директорлар кеңесінің Комитеті жасап, Директорлар кеңесі бекітеді.

211. Қоғамның дивидендті саясаты туралы құжаттың басты принциптерінің бірі – дивидендтер көлемін анықтау мен оны өтеудің қарапайым әрі айқын механизмдерімен қамтамасыз ету.

212. Қоғамның дивидендті саясаты айтарлықтай айқын және акционерлер мен әлеуетті инвесторлардың зерттеуі үшін қолжетімді болуы шарт.

213. Қоғам оның инвестициялық шешімдер қабылдаудағы маңызын есепке ала отырып, акционерлер мен өзге де мүдделі тұлғаларды өзінің дивидендті саясаты туралы хабардар етеді.

«СентрасИншуранс»СК» АҚ	К-01 Корпоративті басқару Кодексі	28.05.2015 ж. №1 Басылым	25-тен23-ші бет
		26.08.2010 ж. басылым орнына	

§ 2. Дивиденд төлеу тәртібі

214. Қоғам дивиденд төлеудің қарапайым және түсінікті механизмдерін жасайды және бекітеді. Қоғамның акционері үшін дивиденд алу қиындық туғызбауы шарт.

215. Дивидендтер Жарғыға, Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешіміне, акцияларды шығару аңдатпасына, Қоғамның дивидендті саясаты туралы құжатына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сай төленеді.

216. Қоғамның таза кіріс көлемін анықтау барысында дивидендтер көлемін анықтау мақсатында таза кіріс көлемі бухгалтерлік есеп жүргізу мақсатындағы таза кіріс көлемінен айырмасы болмауына негізделуі тиіс, өйткені керісінше жағдайда дивидендтер көлемі кемітілген немесе арттырылған сомма негізінде есептеледі, бұл акционерлер мүддесіне айтарлықтай қайшы келетіндігін білдіреді.

Осының салдарынан Қоғам таза кірісті есептеуді бухгалтерлік есеп мақсаты үшін әрекет етуші заңнамамен бекітілген тәртіпте жүзеге асырады. Дивидендті саясат туралы құжатта дивидендтерді төлеуге бағытталған Қоғамның таза кірісінің ең төмен деңгейдегі үлесін анықтау тәртібі бекітілуі шарт.

217. Дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылданғандығы туралы ақпарат дивидендтерді төлеу шартының бар екендігі туралы және оларды төлеудің тәртібі туралы нақты түсінік қалыптастыру үшін жеткілікті болуы шарт.

218. Акционер Қоғамның қарызы пайда болған мерзімге қарамастан төленбеген дивидендтерді талап етуге құқылы.

219. Дивидендтерді төлеудің әлеуетті түрі – ақшалай төлеу түрі.

220. Қоғамның дивидендті саясаты туралы құжатта дивидендтерді жартылай немесе кешіктіріп төлеу мәселесіне ерекше назар аударылады.

Тарау 12. Қоғамның кадр саясаты

221. Корпоративті басқару жүйесі еңбекті қорғау мен қызметкерлердің денсаулығы, еңбекке өтемақы төлеу, әлеуметтік қорғаумен қамтамасыз ету саласындағы еңбек туралы заңнаманың қатаң орындалуына көмектесуге міндеттелген.

222. Кадр саясаты алдымен Қоғам алдында тұрған міндеттерді сапалы әрі жылдам шешуге бейім жұмысқа қабілетті ұжым жасақтауға бағытталған. Бұл мақсатқа жету үшін Қоғам жоспарлы түрде қызметкерлердің кәсіби деңгейін арттыруға, кадрларды іріктеу мен орналастыруды жетілдіруге, бастамашыл әрі шығармашылық тұрғыдан ойлайтын қызметкерлерінің кәсіби тұрғыда жылдам өсуіне мүмкіндіктер дамытуға бағытталған жұмыстар жүргізеді.

223. Кадр және әлеуметтік саясаттың мақсаты – Қоғам сұраныстарына, қолданыстағы заңнама талаптарына, еңбек нарығының жағдайына сәйкес, жаңару үрдісінің оңтайлы балансын қамтамасыз ету және кадр құрамын сан және сапа тұрғысынан сақтау.

224. Қоғам қызметі әлеуеттерінің бірі Қоғам қызметкерлерін оқыту мен кадрлардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру.

225. Қоғам жұмыс орнын сақтау мен еңбек жағдайын жақсарту үрдістерін сақтайды.

Тарау 13. Корпоративтік басқарудағы даулар

226. Кез келген Қоғам органы/органдары мен акционері/акционерлері арасындағы өзара келіспеушілік пен дау, егер бұл Қоғам мүддесіне қозғаса, Қоғам ішіндегі қатынастарға тиіп кететіндіктен, корпоративті дауды көрсетеді.

227. Корпоративті даулардың алдын алу мен реттеу бойынша Қоғам жұмысының тиімділігі оны жылдам қарауға байланысты. Соған байланысты, Қоғам өте аз уақыттың ішінде даудың мәні туралы өз принципін анықтайды және оны Қоғамның акционерлеріне мәлімдейді. Корпоративті даудағы Қоғамның принципі заңнама ережелері мен Қоғамның уәкілетті органы бекіткен Корпоративті этика кодексіне негізделуі шарт.

228. Даудың мәні болып табылатын мәселеге байланысты Қоғамның акционерлерге жеткілікті ақпарат ұсынуы акционерлердің Қоғамға сол талаппен немесе өтінішпен қайта жүгінуінің алдын алуға мүмкіндік береді. Соған байланысты, Қоғамның акционерлерге беретін

«СентрасИншуранс»СК» АҚ	К-01 Корпоративті басқару Кодексі	28.05.2015 ж.№1 Басылым	25-тен24-ші бет
		26.08.2010 ж. басылым орнына	

жауабы жағымды не жағымсыз болсын, заңнама ережелеріне негізделген және толықтай дәйектелген болуы шарт.

229. Оның құзыретіне байланысты корпоративті дауларды реттеуді Қоғамның Директорлар кеңесі жүзеге асыруы шарт. Шешім қабылдау атқарушы органның құзыретіне кіретін корпоративті дауларға қатысты мәселелерді Басқарма реттейді.

230. Мүдделер арасындағы дау, басқарушыны қоса алғанда, Қоғам қызметкерінің жеке мүддесі лауазымдық міндеттерді әділ орындауына әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін жағдай ретінде анықталады.

231. Қоғамның барлық қызметкерлері өзінің жүріс-тұрысын қызметкер тұлғамен байланысты өзіне қатысты да, өзіне қатыссыз да мүдделер арасындағы даудың тууына себеп болатын жағдайдың орын алуына жол бермейтіндей етіп түзетуі тиіс. Мүдделер дауына жол бермеудің негізгі принциптері Іскерлік әдебі кодексінде бекітілген.

232. Қоғамның басқарушы қызметкерлері қызметке тағайындалған сәтінен бастап тура немесе жанамалай түрде өз мүдделері мен толық Қоғам мүддесі арасындағы даудың тууына әкеп соқтыруы мүмкін әрекеттерден тартыну туралы жазбаша міндеттеме, ал мұндай дау туындаған жағдайда, Қоғамның Директорлар кеңесін дер кезінде хабардар ету міндеттемесін береді.

233. Қоғамның акционерлері арасында корпоративті дау туған жағдайда, Қоғам оны реттеуге қатысуы шарт. Сонымен бірге, Қоғам Басқармасы осы іспеттес даулы жағдайлардың шешілуіне белсенді түрде атсалусуы шарт.

234. Қоғамның Басқарма Төрағасы немесе оның міндетін ақарушы тұлға Қоғам атынан корпоративті дауды реттеуді, Қоғамның басқа органдарының құзыретіне жатпайтын мәселе бойынша шешімдер қабылдауды, сондай-ақ өз бетінше корпоративті дауларды реттеу бойынша жұмыс жүргізу тәртібін анықтауды жүзеге асыруы шарт.

235. Мүдделер арасындағы дауды болдырмау саласындағы саясаттың басты құралы Директорлар кеңесі тарапынан Қоғамның Қоғаммен ерекше қарым-қатынастағы тұлғаларға қатысты мәліметтердің есебін жүргізуін бақылауы болып табылады.

236. Корпоративті дауларды реттеу мақсатында Директорлар кеңесі өз мүшелері арасынан арнайы корпоративті дауларды реттеу бойынша Директорлар кеңесінің комитетін жасақтай алады.

237. Директорлар кеңесіне немесе жасақталған Комитетке қарауға Басқарма құзыретінде кіретін жекелеген корпоративті даулар беріледі (мысалы: егер даудың мәні аталмыш орган немесе сол орган тарапынан қабылдаған актілер болған жағдайда).

238. Корпоративті дауларды реттеу бойынша Директорлар кеңесі Комитетін жасақтау мен оның жұмыс тәртібін Директорлар кеңесі анықтайды.

Тарау 14. Қоршаған ортаны қорғау

239. Қазіргі заманда әлемде іскерлік белсенділіктің дамуы қоршаған ортаны қорғау мәселелерінің маңыздылығының өсуімен сипатталады. Қоғамның қызметін бағалауда қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстардың жай-жағдайы өзекті критерийлерге айналуда.

240. Қоғам өз қызметінде қоршаған ортаға барынша ұқыпты және тиімді қарау принциптерінің бірін қолданады.

241. Қоғамның қоршаған ортаны қорғауға байланысты саясаты осы Кодекстен басқа қоршаған ортаны қорғау саласындағы ішкі ережелермен анықталады.

Тарау 15. Қорытынды ережелер

242. Осы Корпоративті басқару кодексі Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында бекітілген сәтінен бастап күшіне енеді.

243. Осы Кодекстің ережелерін Қоғам акционерлері, лауазымды тұлғалары және қызметкерлері орындауға міндетті.

244. Осы Кодекстің жекелген ережелері Жарғыда және Қоғамның ішкі құжаттарында көрсетілген.

245. Осы Кодекспен реттелмеген барлық мәселеде Қоғамның акционерлері, лауазымды тұлғалары, қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңнамаларын басшылыққа алады.

«СентрасИншуранс»СК» АҚ	К-01 Корпоративті басқару Кодексі	28.05.2015 ж.№1 Басылым	25-тен25-ші бет
		26.08.2010 ж. басылым орнына	

246. Әрекет етуші заңнамалардың, бизнестің қызмет ету шарттарының, Қоғамның ұйымдастыру құрылымының өзгерістерін және жинақталған тәжірибені есепке ала отырып, Қоғам осы Кодексті жетілдіреді және қайта қарайды.



Эпошаның ағылшын тіліне
на 28-ші жазылым

Алматы